

Ирандағы наурыз мерекесінің тойлануы мен ерекшеліктері, мерекелік әдет-ғұрыптар

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық Университеті
шығыстану факультеті
арабтану және ирантану кафедрасының
оқытушысы Қасабекова.Е.Қ ,
парсы тобы 3 курс студенттері
Аманбай Думан, Мансұр Дина,
Мұқанбетқали Ақтоты**

Резюме

В статье рассматриваются интересные обычаи и традиции празднования наурыз зороастрийцев и особенности празднования нового года иранцев.

The article discusses the interesting customs and traditions of celebrating Nowruz Zoroastrians, and especially the Iranians celebrate the New Year.

Наурыз мерекесі түп-төркінін сонау 7-8 ғасырлардағы Ахеменидтер династиясынан алатыны бәрімізге белгілі. Наурыз мерекесінің тойлануы зороастрлар тұсынан бастама алды деп айтады. Наурыз сөзінің мағынасы «ноу» жаңа, «руз» күн деген сөздерден шыққан. Яғни жаңа жыл, жаңа күн деген ұғымды береді. Жаңа жыл мерекесінің наурыз айында тойлануы қазақ жерінде осы ирандықтардың наурызынан, зороастрлардың наурыз тойын мерекелеу рәсімдерімен байланысты екенін байқауға болады.

22 наурыз күні таңертең ерте бір топ атқа мінген қыз -жігіттер ұлттық киім киіп, ауылға сауын айтып, наурыз-думанға шақырды. Таңертеңгі сағат онда ауыл клубының алдына жиналған жұртшылық Наурыздың шын кереметін көрді. Аппақ ұлттық киім киіп, қолына наурыз гүл ұстаған, қасына қызылды –жасылды киінген бастауыш сыныптың бір топ оқушылар бар, Наурыз ару бар салтанатымен, ақбоз ат жегілген күймеде бүкіл ауылды аралап, ауыл клубына келіп тоқтады. Қапиза мен Ақбота Әбдікеқыздарының қолынан шыққан ұлттық киім киген, жұқа өнді, қарақат көз қызымыз Бағлан шын мәнінде наурыз ару ғана емес, ертегінің ханшайымындай болып көпшіліктің есінде қалды. Наурыз аруды қошаметпен қарсы алған халық клубқа кіріп, Қазымбек пен Тоқтаубек бастаған өнерпаздардың концертін тамашалады. Ауыл өнерпаздары Тазша бала, Қожанасыр, Жиренше болып

жұртты

қыран-топан

күлкіге

батырды.

[1,www.pushkinlibrary.kz/index.php?option]

Зороастрлар ежелгі Иран жерін мекен еткен, қасиетті кітабы «Авеста» деп аталатын дін өкілдері. Зороастрлар қазіргі таңда Иран жерінің Фарс астанында, АҚШ- та, Индияның, Индияның біраз бөлігінде мекен етеді. Зороастрлардың ілімі бойынша негізгі күн, от, аспан, жер сияқты стихиялар қасиетті деп табылады. Кейбір кітаптарда зороастрларды «отқа табынушылар» деп береді, әйтсе де зороастрлар өздері бұл пікірге қарсы шығады.

Иран жыл санауы бойынша фарвардин айының басында біздіңше наурыз айының 21-нен 22-іне қараған түні жаңа жыл кіреді. Авесталықтардың жазбаларында фарвардин айына он күн қалғанда «фравахар» - яғни зороастрлардың сенімі бойынша адамзат баласының бойындағы жақсы, игі істердің бастамашысы, өлген кісілердің «фравахарлары» жерге түсіп, жердегі тазалық пен жақсылықтардың, игі істерді бақылауға келеді. Қазіргі Ирандағы фарвардин айының аты осы «фравахар» деген сөзге тікелей байланысты. Жоғарыда айтылған тазалық пен игі істер демекші, өлген кісілердің фравахарлары 10 күн жерде болады. Осы орайда зороастрлар үй-жайларын ретке келтіріп, отбасындағы ананың рөлі артып, отбасы мүшелерінің тазалығы мен жаңа зат, киім-кешек алуға кіріседі. Әсіресе балалардың киімдерін түгендеп, бүтіндеп, үйлерін жинап, әдемі иісті балауыздарды жағып үйге жаңа рең мен тазалық орнатады. Бұл шараларды жасаудағы негізгі мақсат – фравахарлардың жердегі дүниенің тыныш, әдемі тіршілігін көріп, өз әлемдеріне қуанышпен оралуы деседі. Зороастрлықтар осы наурыз түнін «хамас-пат-майдиэм» деп, яғни «күн мен түннің теңесу» түні деп атады. [2, Куруш Никнаме “Наурыздан наурызға” 1379, Техран].

Тағы бір қызық жәйт, ол зороастрлардың наурызды тойлау үрдісіндегі үй төбесіндегі «от жағу» рәсімі. Зороастрлықтар жоғарыда айтқан фравахарлардың келгеніне разы екендерін осы үй төбесіне от жағу рәсімі арқылы білдіреді екен. Наурызға бір күн қалғанда от анасы алдын ала дайындалған ағашты пештің ішінен алынған қызыл шоқпен үй төбесіне алып шығады. Сонымен қатар, үй төбесіне бір ыдысқа су, жасыл-желең, көкөністер, май шам немесе балауыз, ыдысқа салынған жеміс-жидектер апарады. Отбасымен барлығы үй төбесіне шығып, Фравахарды шығарып салу құрметіне арналған рәсімдерді орындайды. Олар жемісті бөлер алдында оқитын «Авеста друнды» оқып, осылайша жемісті фравахар жолына құрбан етіп, отбасы мүшелеріне теңдей бөліп береді. Осы рәсім кезінде Авестаны мадақтайтын өз гимндерін отбасымен дауыстап айтады. Наурыз келген күні Авестадағы мәңгі отты қорғаушылар «мабедтер» алау жағып, жаңа жылдың келгенінен халықты хабардар етеді, осы сәтте олар үй төбесіндегі оттарын тұтатып шат-шадыман наурызды қарсы алады. Жанған от сөнгенше зороастрлар құдайларына сиынып, қалған шоқты әкеліп үйлерін аластап, қалғанын жергілікті «сөнбес алауға» немесе «аташкадеге» әкеледі. Міне осылайша олар отпен бір жағынан үйлерін аластаса, екінші жағынан хош

иісті ағаш шоқтарын жұпар иіс алу үшін пайдаланады. [3, «Чешмандаз» мәдени журналы, Техран 2004].

Діни рәсімдерді өткізетін жерді «пескаме» деп атайды. Мұндай рәсім өткізетін жерлер таза әрі жарық болуы шарт. «Пескаме» бөлме деген мағынаны береді. Алдымен бұл бөлмеге су шашып, артынан топырақ араласқан су шашады. Иезд қаласында осындай рәсімдерді өткізуге арналған төрт бөлмелі «пескамелер» бар, оларды «чахар пескаме» яғни төрт бөлмелі пескаме деп атаған. Дастархан жасалатын көлемі жағынан үлкен бөлмені «пескаме-е мае» деп атайды. «Мае» үлкен деген мағынаны береді. Мұндай бөлмелердің кіре берісі шығысқа қаратып жасалған. Топырақ қосылған суды бөлме қабырғалары мен жерге, үйдің кіре берісіне шашады. [4, «Наурыз пируз» газета «Джам-е джам» Техран, 2010].

Діни рәсімдерді жасайтын дастарханға тоқталсақ, қасиетті от сарайында немесе үйде жасайды. Міндетті түрде дастарханға «Амеше Спента» бейнесі қойылады. «Амеше Спента» - Құдайдың алты түрлі жақсы қасиеттерінің жинағы. Заратуштра осы алты қасиетті бойына сіңірген адам Құдайға біртабан жақындай түседі деген сенімдем болған. Оларға жеке тоқталсақ: «Боху Ман» - жақсы ойлау, «Аша Вахишта» - шындық, «Хшатра Вайрия» - алапат күш, «Спента Армаити» - махаббат, «Хауватат» - намыс, «Амертат» - мәңгілікті білдіреді. Мысалы махаббаттың белгісі ақ дастарханды жерге де жаяды. Осы дастархан үстіне қойылатын заттар жоғарыда айтылған алты жақсы қасиеттің белгісі ретінде жасалады. [5, <http://ru.wikipedia.org>]

Наурыз дастарханына қойылатын «Хафт син»-ге кеңірек тоқталып өтсек, бәз біреулер Сасанидтер кезеңінде Иранға «чини» деп аталатын ыдыстар келетін осы себепті наурыз дастархан мәзірі осы ыдыстарға салынады десе, сол сөз кейіннен «сини»-ге айналды деседі. Ал кейбіреулері «чидан» етістігінің, яғни жинау, жеті түрлі дәнді дақылдарды жинау деп біледі. «Хафт син» – наурыз дастарханы. Дастарханда арабтың «син» әрпінен басталатын 7 түрлі тамақ болуы шарт. «Сиб» – алма, «сипанд» – адыраспан өсімдігінің дәні, «сиахдане» – қара дәнек, «санджед» – жабайы зәйтүн, «серке» – сірке суы, «сир» – сарымсақ, «саману», «сумалак» – қолдан жасалған халва іспеттес ас, кейбір кездері «сабзи» жасыл-желең, немесе «секке» – тиын секілді заттар қойылды. Сонымен қатар, дастарқанға жақсылықтың, байлықтың символы «алтын балық», тазалықтың белгісі ретінде «айна» қойылады. Осы жоғарыда айтылған қасиетті 7 зат күнге көрсетілген құрмет есебінде, жақсы өнім алу үшін жасалады. [6, Рүстемов.Л.З «Парсы тілінің ізашары»].

Сонымен қатар, зороастрлардың соның ішінде, ирандық зороастрлардың наурыз мерекесінде ұстанатын әдет-ғұрыптарының ерекшеліктері ол мереке діни бағытта тойланатындығында екеніне көз жеткізіп отырмыз. Осы сөзіміздің айғағы ретінде келесі дәстүрлерді беріп отырмыз. Наурыздың алғашқы күні зороастрлар жиналып, қасиетті от алауы тұратын сарайға барып, бірлік пен татулықтың белгісі ретінде бірігіп, Құдайды мадақтайтын «кіші Авеста» дұғасын оқиды.

Наурыз мерекесіндегі қонаққа бару, қонақ күтуге келсек, балалар яғни кішілер үлкендерге барып амандасып, көрісіп, реніштері болса бір-бірінен кешірім сұрап, татуласады. Осының бәрі фарвардин айының 21-іне дейін жалғасады. Бұл 21 саны да тегіннен-тегін емес екенін дәлелдейтін Авестаның «Ата Аху Вайрио» атты гимні 21 жолдан тұратынын айта өту қажет. [7, Куруш Никнаме “Наурыздан наурызға” 1379, Техран].

Сонымен, мақаланы жазудағы басты мақсат Наурыз мерекесінің ирандық зороастрлардан өрбіген мереке екенін қазақ тілді оқырман, тыңдармандарға жеткізу және таныстыру. Иран мен Қазақстан, Азербайжан, Ауғаныстан, Тәжікстан, Өзбекстан секілді елдерде тойланатын Наурыз мерекесінің кейбір дәстүрлерінің осы зороастрлардан алған мұрағаты екеніне көз жеткізу болып табылады. Мысалы, тек сандарға қатыста айтар болсақ, 7, 21 секілді сандардың қазақ халқының да өмірі мен мәдениетіндегі қасиетті сандары екені бесенеден белгілі. Ендеше тілі мен мәдениетінде, дінінде ортақ дүниелердің бітісе қайнасып жатқан қос елдің дәл осы Ұлыстың Ұлы күні Наурызға қатысты алатын, алған дәстүрлерін зерттеу қызықты істердің бірі болып саналады.

Қазақ халқының наурыз мерекесіне қатысты Евразия ұлттық университетінің проректоры Дихан Қамзабеков айтқан сөздерін өзгертпей беріп отырмыз: «Қазақстанда қырық құрау ұлттық-әлеуметтік жіктер емес, бір-ақ халық тұрады. Құдай салған, тағдыр қосқан халық тұрады. Оның аты – Қазақстан халқы. Біз бірігіп жаңарғанбыз. Біз – бірлескен жаңа арманбыз. Конституциямызды ашып қараңыз: “Біз, тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып...” деп басталады. Ендеше байырғы қазақ жеріндегі бар құндылық – Қазақстан халқының ортақ құндылығы. Асылы – парсыдан, арнасы мен айдыны – жүректе тоғысқан Наурыз мейрамы Қазақстан халқын түп-тұқиянына, этностық тегіне, дініне қарамай ұйыстырады, біріктіреді. Егер осы мерекеде ислам құндылықтары айшықтана көрінсе, бұл – бұра тартқандық емес, табиғи түрде 70 пайызға жеткен хақ жолындағылармен есептескендік. Сондай-ақ бұл күні шегірткідей қаптаған секталар емес, әлемге белгілі діндерді мойынсұнғандар имандылық шараларын атқара алады. Өзі үшін, қалыптасқан ғадеті үшін. Бірақ мұның қай-қайсының да “Адамзат, жаңар!” деген Наурызға қиғаштығы жоқ. Жаңарса, иманды адам жаңара алады. Иман – сену, адал болу деген сөз.

Біз, Қазақстан халқы, жер бетінде жарқын күндердің туатынына, әлем халқының беймарал күй кешетініне сенеміз. Адам жаңарады, ұлт жаңарады, әлем жаңарады! Наурыздың алтын идеалы осы» [8, [www. google.kz](http://www.google.kz)].

Наурыз мерекесі 2009 жылы 30 қыркүйекте Юнескода адамзаттың репрезентативті мәдениетінің құндылығы деген тізімге енді. Наурыз

бірқатар елдерде күн мен түннің теңескен күні мекрекеленеді, ол 21, 22, 23 – не сәйкес келеді.

2010 жылы 19 –шы ақпанда БҰҰ –ның 64 –ші сессиясында

«Халықаралық Наурыз күні» деген атау алды:

Бұл БҰҰ ның шығарған қаулысы бойынша төмендегілер бекіді:

1. 21 наурыз халықаралық наурыз күні деген статуска ие болды.
2. Наурызды ортақ тойлайтын елдерде наурызға қатысты іс-шараларды сақтауды қолға алу және орындау;
3. Наурыз мерекесін дәріптейтін іс-шаралар өткізуге ортақ кірісу;
4. Наурыз мерекесінің өткені мен кеткенін дәріптейтін іс –шаралар ұйымдастыру;
5. Наурыз мерекесіне қатысты ұйымдастырылатын іс-шараларға қызығушылық танытатын кез-келген адамдар мен ұйымдарға БҰҰ –на және басқа да ұйымдарға қатысуына мүмкіндікке ие деген тұжырымдар. [9, <http://ru.wikipedia.org/wiki>].

Сонымен ирандықтардың наурыз мерекесін тойлауына көшсек, Иранда наурыз әдетте 13 күнге созылады. Мерекенің алдыңғы 5 күні туған –туыс, ата-аналары мен достарының үйіне барып, амандасып, көрісуге кетеді. 9-шы күні «шахтың наурызы» яғни шах дәуірінде шахты тағайындау күні болып саналатын, 13-ші күні «сиздах бе дар» ирандықтардың көзқарасы бойынша он үшінші күн қауіп қатерге толы күндердің бірі болып есептеліп, осы күні үйде отырған адамның басына бәле келеді деп есептеп, жаппай табиғат аясына шығып кетеді.

Осы айтылған күндердің әр қайсысына тоқталар болсақ жеке-жеке тоқталар болсақ, «Шахтың наурызы» яғни шах дәуіріндегі шахты марапаттау күні болды.

«Сиздах бе дар» яғни 13-ші күні бірде-бір адам қалмай далаға шығып, табиғат аясына кетеді, себебі 13 саны Иранда қатерлі сан болып есептеледі. Тағы бір қызық жәйт 13-ші күні қыздар жиналып келесі жылы тұрмысқа шығу үшін тілек тілеп, әр түрлі бал ашулар жасайды. Қыздар аяқ киімдерін лақтырып, тұмсығы үй жаққа қарап қалса, ол қыз жақын арада тұрмысқа шықпайтынын білдіреді.

Сондай-ақ Иранда наурыздың алдында ренжіскен адамдар болса, бір бірінен кешірім сұрап, істеген күнәлары болса, Құдайдан кешірім сұрайды. Сенім бойынша тазалық бар жерге періштелер еніп, сол адамның осы жылғы тілек-ниеттерін орындайды.[10, Исламская Республика Иран]

Адамдарын үйлерін әктеп, сырлап, тазалайды. Осы тазалау үрдісін олар «Хане текан» деп атайды. Көшеде қоқыс-күл төгілген жерлерді жинап, киім-

кешектерді жуу, аруақтарды еске алып, жаңа жылда қолдау көрсетуін сұрайды. [11, Рүстемов.Л.З «Парсы тілінің ізашары»]

Жаңа жыл түні көшелерде оттар жағылып адамдар осы жанып тұрған оттан секірулері қажет. Жеті от жағылуы қажет, яғни әрбір адам жеті рет оттан секіруі қажет. Оттан секірген кезде «Зардие ман аз ту, сорхие ту аз ман» аудармасында «менің жамандық, ауруларым саған кетсін, сенің қызылың маған келсін» дегенді білдіреді.

«Хафт син» – наурыз дастарханы. Дастарханда арабтың «син» әрпінен басталатын 7 түрлі тамақ болуы шарт. «Сиб» – алма, «сипанд» – адыраспан өсімдігінің дәні, «сиахдане» – қара дәнек, «санджед» – жабайы зәйтүн, «серке» – сірке суы, «сир» – сарымсақ, «саману», «сумалак» – қолдан жасалған халва іспеттес ас, кейбір кездері «сабзи» жасыл-желең, немесе «секке» – тиын секілді заттар қойылды. Осы қасиетті 7 зат күнге көрсетілген құрмет есебінде, жақсы өнім алу үшін жасалады.

Наурыз дастарханына сонымен қатар, палаудың түрлері мен тәтті, дәмді тағамдар мен қатар дәндердің әр түрлері қойылады.

Наурыз мерекесі қарсаңында иран халқы тек жаңа киімдер киініп, жаңа тілектер тілеп, дүкендер сатып алушыларға толы болады. Жаңа жыл қарсаңындағы сауда саттық және жаңа заттардың сатып алынуы жаңа жылдық береке мен байлықты білдіреді.

Жаңа жылдың алғашқы бес күнінде туыстар, дос, жарандар, үлкенді, кішілер бір бірінің үйлеріне кіріп сый-сияпаттар жасайды. Үлкендер кішілерге жаңа жылдық «ейди» яғни ақшалай сыйлық береді. Егер Иранға жолыңыз түсіп барып қалсаңыз, ирандық жас балалар «ейди» сұраса таң қалмаңыз, себебі бұл ұсақ ақшаны қазіргі таңда әркімнен сұрау әдетке айналған.

Наурыз дастарханына қойылатын «Хафт син» ге кеңірек тоқталып өтсек, бәз біреулер Сасанидтер кезеңінде Иранға «чини» деп аталатын ыдыстар келетін осы себепті наурыз дастархан мәзірі осы ыдыстарға салынады десе, және сол сөз кейіннен «сини» ге айналды деседі. Ал кейбіреулері «чидан» етістігінің яғни жинау, жеті түрлі дәнді дақылдарды жинау деп біледі. [12, Рүстемов.Л.З «Парсы тілінің ізашары»].

Осы жеті санына байланысты қазақ халқында да көптеген наным-сенімдер бар. Және тікелей осы наурыз мерекесіне байланысты қазақ халқының наурыз көжеге жеті түрлі ас салып пісіретін жоралғысы да бар, осы тұстарда екі елге ортақ осы салттың тарихының сонау зороастрлар дәуіріне жататына көз жеткіземіз. Осы орайда зороастрлар туралы бірер сөз айта кетсек, олар төрт нәрсені қасиетті деп танып пір тұтып табынған, олар:

жер, күн, аспан, су. Осы тұстан қазақтардың айға табынуы мен жерге, аспанға табынуы осы зороастрлардан қалғанын байқауға болады.

Наурыз – жыл басы, төрткүл дүниенің шаттанып, жаңарып, масаттанған шағы. Аты айтып тұрғандай, жаңа жыл, жаңа күн кез келген халықтың, кез келген адамның ертеңгі күннен күтері мен жаңа күннен дәмептер жақсы, игі істерін ешбір ғылым оқымай-ақ байқауға болады. Осы сөзіміздің айғағы ретінде наурыз секілді ортақ мерекесі бар ирандықтар мен қазақ халқының наурыз мерекесін тойлаудағы ұқсастықтарының бар екенін «жеті» секілді қасиетті санды наурыз дастарханына пайдаланатынынан байқаймыз.

Наурыз көже жасаған адамның екі дүниеде тілеген тілектері орындалып, болашаққа арман тілек тілеп жасайтынын біз талай рет естідік. Наурыз мерекесі тоңның жібіп, мал мен жан жануарлардың, адамзаттың жандануының алды болып есептеледі. Наурыз көже пісірген адам мен ішкен адамның тілектері алланың құлағына шалынып орындалады деп те айтылады. [13, www.inform.kz/kaz/article].

Мақаланы жазудағы негізгі мақсатымыз ирандықтардың наурыз мерекесін тойлау рәсімдерін аздап болса да қазақ оқырмандарына жеткізу таныстыру. Мысалы күйеуге шықпаған қыздардың айтатын «Сиздах бе дар, сале дигар, Хане е шоухар» деп өлең айтып, тілек тілеуі еріксіз жүзімізге күлкі үйіреді. Яғни жоғарыда айтып өткен он үшінші күні тұрмыс құрмаған қыздардың бал ашып, білдірген тілектері ол қазақ тіліне он үшінші күні барлық бәле далаға кетеді, келесі жылы қырсықтан арылып, Күйемнің үйінде болайын» деп аударылады. Десе де он үш санының қазақ халқында ондай жаман емес екенін білсек те, көршілес орыс халқында он үшінші жұма деген түсінік бар екенін білеміз, яғни он үш санының олардың түсінігінше жақсы емес екенін білеміз. Осы секілді от тақырыбына келер болсақ, оттың қызыл түстің қазақ халқында денсаулықтың жалынды жастықтың белгісі екенін білеміз. Оттан секіру кезіндегі «Зардие ту аз ман, Сорхие ту аз ман» деген сөздері, сенің жалының мен қызылыңды алып, өзімдегі уайым мен қайғыны, ауруды саған тастайын деген мағынаны береді. Ирандағы Наурыз мерекесінің тойлануына жалғыз мақаланың өрісі жетпейтіні бәрімізге белгілі. Ирандықтар мен қазақ халқына ортақ мерекенің әлі де айтар қызықтары мен тарихи және мәдени ерекшеліктері бар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1) [www. google.kz](http://www.google.kz)
- 2) <http://ru.wikipedia.org/wiki>
- 3) Учебник культурного представительства «Исламская Республика Иран»
- 4) З.Л.Рүстемов «Парсы тілінің ізашары» 1-том
- 5) З.Л.Рүстемов «Парсы тілінің ізашары» 2-том
- 6) www.inform.kz/kaz/article
- 7) [www://pushkinlibrary.kz/index.php?option](http://www.pushkinlibrary.kz/index.php?option)
- 8) Куруш Никнаме “Наурыздан наурызға” 1379,Техран.
- 9) «Чешмандаз» мәдени-ақпараттық журналы, Техран, 2004.
- 10) «Наурыз пируз» газета «Джам-е джам» Техран, 2010.
- 11) [http:ru.wikipedia.org](http://ru.wikipedia.org)
- 12)Рүстемов.Л.З «Парсы тілінің ізашары»Техран, 1995.
- 13)Куруш Никнаме “Наурыздан наурызға” 1379,Техран.